

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1765 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 шілде N 790

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Бірлестік арасында Көмір және Болат бойынша болаттың белгілі бір бұйымдарымен сауда жөніндегі келісімнің жобасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1765 P011765_ қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) 2-тармақ "Есенбаевқа" деген сөзден кейін "Келісімнің жобасына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Бірлестік арасында Көмір және Болат бойынша болаттың белгілі бір бұйымдарымен сауда жөніндегі келісімнің жобасы қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 16 шілдедегі
N 790 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Еуропа Көмір және

Болат Бірлестігі арасындағы болаттан алынатын белгілі бір

бұйымдар жөніндегі сауда

КЕЛІСІМІ

Бірінші Жақтан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ және

екінші Жақтан

ЕУРОПА КӨМІР ЖӘНЕ БОЛАТ БІРЛЕСТІГІ

Аталған фактілерді назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Қазақстан" деп аталатын) және Еуропа Көмір және Болат Бірлестігі (бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын) Қазақстан мен Еуропа Көмір және Болат Бірлестігі арасындағы болат саудасын ұйымдасқан түрде және әділетті дамуына ықпал етеді;

Аталған фактілерді назарға ала отырып, 1995 жылғы 23 қаңтарда қол қойылған, Қазақстан Республикасы бірінші жақтан Еуропа Қоғамдастықтары

1 екінші жақтан және оларға мүше-мемлекеттер арасындағы Әріптестік және Ынтымақтастық туралы Келісім Z970113_ келешекте Әріптестік ынтымақтастық деп аталатын 1999 жылғы 1 шілдеде күшіне енді;

Аталған фактілерді назарға ала отырып, екі Жақ Келісімнің күшін сақтау қажеттілігін ескертеді; болаттан жасалатын бұйымдар саудасына қатысты тұрақтылықты қамтамасыз етеді;

Аталған фактілерді назарға ала отырып, ӘЫК-нің 17(1) бабында қарастырылған, Келісімнің ЕКББ-нің Әріптестік жайлы саудасы ІІІ бөлімінде реттеледі; тек оның 11-бабын қоспағанда; _____ 1 Ресми журнал, L 196, 28.07.1999, 3-ші беті.

Аталған фактілерді назарға ала отырып, Еуропа Көмір және Болат Бірлестігі бекіткен 2000 және 2001 жылдары Келісімде қамтылған белгілі бір болаттан жасалған сауда бұйымдар, екі Жақты Келісімнің негізгі тақырыбы болды; Болашақта болатын 2-Жақ арасындағы қарым-қатынастың дамуын ескеретін келісіммен ауыстырылуы қажет;

Аталған фактілерді назарға ала отырып, белгілі бір шарттар сақталған жағдайда, атап айтқанда, осы Келісімді қамтитын болат бұйымдарына қатысты тиісті бәсекелестік жағдайлар жасалған жағдайда, осы Келісімнің ЕКББ құратын Шартты қамтитын, белгілі бір бұйымдар саудасына сандық шектеулерді жою мүмкіндігі осы Келісімнің негізін құрайды;

Аталған фактілерді назарға ала отырып, бұл Келісім Әріптестік және Ынтымақтастық туралы Келісімнің 17(2) бабында қарастырылғандай, ЕКББ-ның Байланыс Тобы шеңберінде тиісті ақпарат алысуды қоса алғанда, 2-Жақта

болат құю өнеркәсібіне қатысты ынтымақтастығымен қатар жүруі тиіс.

Осы келісімді жасауға ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ және осы мақсатта өздеріне уәкілетті тұлғалар ретінде:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІН ЖӘНЕ
ЕУРОПА ҚОҒАМДАСТЫҒЫ КОМИССИЯСЫН

тағайындады;

ОЛАР МЫНАЛАР ТУРАЛЫ КЕЛІСТІ:

1-бап

1. Осы Келісім мына жағдайларда қолданылады:

а) 1-қосымшада келтірілген, ЕКББ бекіткен Шартта қамтылған; 2-Жақта өндірілетін болат бұйымдардың саудасы.

б) Еуропалық Қоғамдастықтың Құрамалы номенклатурасына сай 7204 позициясында классификацияланатын қара металл қалдықтары мен металл сынықтарына қолданылады.

2. ЕКББ жасайтын Шартта көрсетілген, бірақ 1-қосымшаға енгізілмеген болат бұйымдарымен сауда, сауда және онымен байланысты мәселелер бойынша 2-Жақ арасындағы қолданыстағы демпингке қарсы рәсімдерге және қорғау шараларына жататын ережелерді Әріптестік Ынтымақтастық Келісім қолдану үшін нұқсан келтірместен сандық шектеулерге ұшырамауы тиісті.

3. Осы Келісіммен қамтылмаған талқылау нысаны туындаған жағдайда, Әріптестік және Ынтымақтастық туралы Келісімнің тиісті шарттары қолданылуы тиісті.

2 - б а п

1. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан өзінің болаттан жасалынатын бұйымдарын Қоғамдастық елдері экспортына әрбір сандық шектеулер белгілеуге және сақтауға келіседі. Мұндай экспорт А Хаттамасына сәйкес қосарлы бақылауға жатады.

2. 2-Жақ бәсекелестік талаптары белгіленген жағдайда, 1-қосымшада көрсетілген болат бұйымдарына қатысты сауданы толық ырықтандыруға қол жеткізген соң өз міндеттемелерін қуаттайды.

3. 2-Жақ арасындағы Құрамалы номенклатурасына сай, 7204 позициясында сыныпталатын қара металдар қалдықтары мен металл сынықтарына қатысты бірдей әсері бар сандық шектеулерге, кеден баждарына, алымдарға және басқа да шараларға тыйым салынған.

4. 2-Жақ 1-қосымшада ескертілген, 2002 жылғы 1 қаңтардан Қазақстаннан ЕО елдеріне шығатын импорт бұйымдарын, осы Келісім күшіне енгенге дейін, 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулерден шегерілуге тиісті деп келісті.

5. Импорттың толық көлемде жүзеге асуы, 2-ші қосымшада көрсетілген көлемнен асып кеткен жағдайда, ЕҚ өнеркәсібі ішкі сұранысты қанағаттандыра алмаған жағдайда жіберіледі, ол 1-ші қосымшада көрсетілген, қандай болса да бір немесе бірнеше бұйымдардың тасымалық жеткіліксіз дәрежеде жүзеге асуына әкеледі. 2-Жақтың кез-келгенінің өтініші бойынша жетіспеушілік деңгейін анықтау мақсатымен дереу консультациялар өткізілуге тиісті. Консультациялар нәтижелерінен кейін, сондай-ақ объективті деректерге негізделі отырып, ЕО 2-қосымшада көрсетілген сандарды арттыру үшін өзінің ішкі рәсімдерін енгізеді.

6. Егер ЕО-на мүшелікке үміткер елдер осы Келісімнің мерзімі аяқталғанға дейін қосылса, 2-Жақ 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулерді арттыру мүмкіндігін қ а р а у ғ а к е л і с е д і .

7. 2-Жақтың әрқайсысы кез-келген уақытта: мына мәселелерге байланысты кон с у л ь т а ц и я л а н у ы н а б о л а д ы :

- 1-қосымшада көрсетілген болаттан жасалынатын бұйымдар едәуір нашарлаған немесе Жақсарған жағдайда, 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулер деңгейі;
- сандардың толық пайдаланылмаған бұйымдар топтарына және басқа топтарға а у ы с у м ү м к і н д і г і .

3 - б а п

1. 1-қосымшада көрсетілген болат бұйымдарының еркін айналысы үшін Қоғамдастықтың кеден аумағына әкелінуі Қазақстанның құзырлы органдары берген экспорттық лицензиясы және А Хаттамасының ережелеріне сәйкес сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылуға тиісті.

2. 1-қосымшада көрсетілген болат бұйымдары "Қоғамдастықтың" кеден аумағына әкелінуі, олар сол күйінде немесе Қоғамдастықтағы әкімшілік бақылау жүйесі шеңберінде қайта өңдеуден кейін Қоғамдастықтан тысқары жерлерге қайта экспортқа арналған мағлұматтамада көрсетілген жағдайда, 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулерге ұ ш ы р а м а у ғ а т и і с т і .

3. 2-қосымшада көрсетілген қандай да бір күнтізбелік жыл ішінде жұмсалмаған сандық шектеулер көлемінің күнтізбелік жылға тиісті сандық шектеулерінен өтетін қоры олардың пайдаланылмаған жыл ішіндегі тиісті сандық шектеуінің 10%-не дейін құрауы мүмкін. Қазақстан өзінің осы ережені пайдалану ниеті туралы келесі жылдың 1 наурызынан кешіктірместен Қоғамдастықты хабардар етуге тиісті.

4. Бұйымдардың белгілі бір тобының сандық шектеуі екі Жақтың келісуімен күнтізбелік жыл ішінде бір рет қайта қаралуы мүмкін. Ауыстырумен байланысты сандық шектеулерге кез-келген түзетулер тек ағымдағы күнтізбелік жылға қатысты болады. Келесі күнтізбелік жылдың басында сандық шектеулер осы Баптың 3-тармағының ережелеріне нұқсан келтірместен, 2-қосымшада көрсетілген шектеулерге

сәйкес болуға тиісті. Қазақстан осы ережені қолдану ниеті туралы 30 маусымнан кешіктірместен Қоғамдастықты хабардар етуге тиісті.

4 - б а п

1. Қосарлы бақылау жүйесін неғұрлым тиімді жүргізу үшін қиянат жасау мен заңсыздықты болдырмау мақсатында:

- Қазақстан өкімет органдары алдыңғы айда берілген, экспортқа арналған лицензиялар туралы әр айдың 28-не дейін Қоғамдастықтың тиісті құзырлы органдарын х а б а р д а р е т у г е т и і с т і ;

- Қоғамдастықтың үкімет органдары алдыңғы айда берген, импортқа арналған рұқсаты туралы әр айдың 28 күні Қазақстанның құзырлы органдарын хабардар етуге т и і с т і .

Мұндай ақпаратқа тартылған уақытша факторларды ескере отырып, қандай да бір едәуір үйлеспеушілік жағдайында 2-Жақтың әрқайсысы консультация алуды сұрауы мүмкін, ол кідіріссіз ұсынылуға тиісті.

2. Екі Жақ Осы Баптың 1-тармағына нұқсан келтірместен, осы Келісімнің тиімді қолданысын қамтамасыз ету мақсатымен тасымалдау кезіндегі заңсыздыққа қарсы маршрут өзгерген жағдайда, елі немесе шыққан жері туралы жалған мәлімдеуге, құжаттарды бұрмалауға, тауарлардың санына немесе сыныпталуына қатысты жалған мәлімдеуге немесе қандай да бір өзге жағдайларға қарсы, оларды болдырмау, тергеу жөнінде барлық қажетті шаралар қабылдау және барлық қажетті құқықтық және/әкімшілік шаралар қолдану жөнінде келіседі. 2-Жақ, тиісті экспорттаушыларға және/немесе импорттаушыларға міндетті жауапкершілік шараларын қабылдау, заңсыздықтарға қарсы осындай тиімді іс-қимылдар қолдануға рұқсат ететін қажетті құқықтық ережелер және әкімшілік рәсімдер белгілеуге келіседі.

3. Егер 2-Жақтың бірі өзіндегі ақпарат негізінде осы Келісім бұзылған деп санаса, басқа бір Жақтан консультация талап етуі мүмкін, ол еш кідіріссіз жүргізілуге тиісті.

4. Осы Баптың 3-тармағында аталған консультациялардың нәтижелерін күте отырып және Қоғамдастықтың талап етуі бойынша, сондай-ақ жеткілікті дәлел берілген кезде, Қазақстан осы консультациялар нәтижесінде туындауы мүмкін сандық шектеулердің кез-келген өзгерістерін осы Баптың 3-тармағына сәйкес консультацияға сәйкес сауал жасалған күнтізбелік жылға немесе осы күнтізбелік жылға лимит таусылғанда, келесі жылға енгізілуін қамтамасыз етеді.

5. Егер, 2-Жақ, осы Баптың 3-тармағына сәйкес жүргізілген консультациялар барысында өзара шешімге келе алмаса, 1-қосымшада көрсетілген, Қазақстанда өндірілетін бұйымдар осы Келісімнің бұзылуымен импортталғандығының жеткілікті дәлелі болған жағдайда, Қоғамдастықтың тиісті сандарды 2-қосымшадағы көрсетілген бойынша сандық шектеулер есебіне есептеуге құқы бар.

6. Егер, 2-Жақ, осы Баптың 3-тармағына сәйкес консультациялар барысында өзара шешімге келе алмаса, санға байланысты немесе жіктелуі жалған мәлімдеу болғандығын көрсететін жеткілікті дәлел болған жағдайда, Қоғамдастықтың осы бұйымдар импортынан бас тартуға құқығы бар.

7. 2-Жақ осы Келісімнің бұзылуынан туындайтын барлық мәселелерін болдырмау және тиімді шешу үшін тығыз ынтымақтастыққа келіседі.

5 - б а п

1. Болаттан жасалынатын бұйымдарын ЕКББ Қоғамдастық импортына, 2-қосымшадағы көрсетілген сандық шектеулерді Қоғамдастық аймақтық квоталарға бөлмеуге тиісті.

2. 2-Жақ дәстүрлі толассыз саудада Қоғамдастықтағы күтпеген және зиян келтіретін өзгерістерді болдырмау үшін ынтымақтасуға тиісті. Дәстүрлі толассыз саудада күтпеген және зиян келтіретін өзгерістер болған жағдайда (аймақтық шоғырлануды немесе дәстүрлі жеткізілімдерді жоғалтуды қоса алғанда), Қоғамдастық туындаған проблеманы қанағаттандыратындай етіп шешу үшін консультация талап етуге құқығы бар. Мұндай консультациялар кідіріссіз өткізілуі тиіс.

3. 1-қосымшадағы көрсетілген Қазақстан болат бұйымдарының Қоғамдастыққа 1 жыл ішінде мейлінше қалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз етілуіне ықпал етеді. Импорт күтпеген және қолайсыз тез өскен жағдайда, Қоғамдастық туындаған проблеманы шешу үшін консультация талап етуге құқығы бар. Мұндай консультациялар еш кідіріссіз жүргізіледі.

4. Осы Баптың 3-тармағындағы міндеттемеге қосымша егер, қазақстандық өкімет органдары берген лицензиялар бойынша болат бұйымдарының сол жылда қаралатын сандық шектеулердің 90%-ын құраса, 2-Жақ кез-келгені осы жылға сандық шектеулер туралы консультация сұрауы мүмкін. Мұндай консультациялар еш кідіріссіз жүргізілуге тиісті. Мұндай консультациялардың нәтижелерін күтуде, осы лицензиялар бойынша бұйымдар саны 2-қосымшада көрсетілген мөлшерден аспаған жағдайда, Қазақстанның құзырлы органдары осы Келісіммен қамтылған бұйымдар экспортына лицензиялар беруді жалғастыруы мүмкін.

6 - б а п

1. Егер осы Келісіммен қамтылған өнімнің қандай да бір түрі Қоғамдастық елдеріндегі осындай өнімдер өндірушілер үшін едәуір нұқсан әкелетін немесе әкелуі мүмкін жағдайлар Қазақстаннан Қоғамдастыққа импортталса, Қоғамдастық Қазақстанға екі Жақ үшін қонымды шешім табуға тырысу үшін толық көлемде тиісті ақпарат беруге тиісті. 2-Жақ еш кідіріссіз консультациялар бастауға тиісті.

2. Егер, осы баптың 1-тармағында аталған консультациялар кезінде Қоғамдастықтың консультациялар бастау өтінішімен жүгінген күнінен 30 күн ішінде келісімге қол жеткізуге сәті келмесе, Қоғамдастық ӘЫҚ ережесіне сай, қорғау шараларына қатысты құқығын пайдалануға белгілі бір қадамдар жасауы мүмкін.

3. Осы Келісімнің ережесіне қарамастан 13-баптың 6-тармағы ӘЫҚ қолданылатын
б о л а д ы .

7 - б а п

1. Осы Келісіммен қамтылған бұйымдардың жіктелуі Қоғамдастықтың тарифтік және статистикалық номенклатурасына (бұдан әрі "Құрамалы номенклатура" немесе қысқаша нысанда "ҚН" деп аталатын) және оған кез-келген түзетулерге негізделеді. 2-қосымшадағы көрсетілген немесе тауарлардың сыныпталуы туралы кез-келген шешіммен қамтылған бұйымдарға қатысты, Қоғамдастықта қолданылатын ережелерге сәйкес ҚН-ға жасалған кез-келген түзетудің 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулерді өзгертуге мүмкіндік беретін күші болмауға тиісті.

2. Келісіммен қамтылған бұйымдардың шыққан жері Қоғамдастықтағы ережелерге сәйкес айқындалуға тиісті. Шыққан жері туралы осы ережелерге енгізілген кез-келген түзету туралы "Қазақстанға" хабарлануға тиісті және 2-қосымшадағы көрсетілген сандық шектеулерін өзгертуге мүмкіндік беретін күші болмауға тиісті. Жоғарыда көрсетілген бұйымдардың шыққан жерін бақылау тәртібі А Хаттамасында баян етілген.

8 - б а п

1. 2-Жақ осы Келісімнің 4-бабына (1) сай экспортқа лицензиялар мен импортқа рұқсаттар туралы кезеңімен ақпарат алысуға нұқсансыз, осы Келісімнің 3-бабына сай берілген, экспортқа лицензиялар және импортқа рұқсаттар және осындай бұйымдарға қатысты импорт пен экспорт туралы статистикалық деректерге кіретін, осы ақпарат дайындалуға тиісті ең қысқа уақыттар ескеріле отырып, сәйкес арақашықтықта 1-қосымшаға жататын бұйымдарға қатысы бар барлық статистикалық ақпарат алысып
о т ы р у ғ а к е л і с е д і .

2. 2-Жақтың әрқайсысы ақпарат берудегі қандай да бір едәуір алшақтық жағдайында консультация алуға жүгінуі мүмкін.

9 - б а п

1. Осы Келісімнің алдындағы баптарында көрсетілген белгілі бір міндеттемелерге қатысты көзделген консультациялар туралы ережелерге нұқсансыз, 2-Жақтың

кез-келгенінің сауалы бойынша осы Келісімді қолдану барысында туындайтын кез-келген мәселе бойынша консультациялар жүргізілуге тиісті. Кез-келген консультация ынтымақтастық рухында және 2-Жақтар арасындағы айырмашылықтарды реттеу ниетімен жүргізіледі.

2. Егер осы Келісім консультациялардың еш кідіріссіз жүргізілуін көздесе, уағдаласушы Жақтар оларды жүргізу үшін барлық парасатты іс-қимылды қолданады.

3. Барлық басқа консультациялар мына ережелермен реттеледі:

- 2-Жақтың кез-келгені консультацияға сұрау салуды 2-Жақты жазбаша түрде х а б а р д а р е т у г е т и і с т і ;

- тиісті жағдайларда, ақылға қонымды мерзімдерде, сауалдан кейін мұндай консультациялардың себептерін негіздейтін есеп болуға тиісті;

- сауал берілген күннен бастап бір ай ішінде консультациялар басталуға тиісті;

- егер 2-Жақтардың келісуі бойынша мерзім ұзартылмаса, консультациялар басталған күннен бір ай ішінде өзара қолайлы шешім қабылдануға тиісті.

4. Сондай-ақ, осы Келісім Жақтардың келісімі бойынша арнайы қосымша консультациялар жүргізілуі мүмкін.

1 0 - б а п

1. Екі Жақта болаттан жасалынатын бұйымдармен сауданы толық ырықтандыруға қол жеткізуді мақсат тұтады және мұның өз араларында сауданы жылжытудың маңызды шарты болып табылатындығын, Жақтардың әрқайсының өз ішінде қолданатын бәсекелестіктің және мемлекеттік көмектің және қоршаған ортаны қорғау келісімді болуға тиісті деп таниды. Осы мақсатпен Қазақстан тарапынан сауал негізінде , Қоғамдастық Қазақстан Республикасының Қоғамдастық қабылдаған және қабылдайтындарымен үйлесімді заңнама ережелерін қабылдауға және іске асыруға көмектесуі үшін техникалық көмек көрсетуге тиісті. Мұндай көмек екі Жақ келісуге тиісті жобаларда дәл айқындалатын болады және олардың мақсатын, күнтізбелік мерзімдерін дәл айқындайды.

2. Егер, осындай келессөздер ұйымдастырылса Жақтар болат құю саласында мемлекеттік көмек және субсидиялар туралы халықаралық келісімдер бойынша келіссөздерге қатысуға келіседі.

1 1 - б а п

1. 2002 жылғы 23 шілдеде, ЕКББ жасаған Шарттың күшінде болатын мерзімі өтісімен, Еуропалық Қоғамдастық осы Келісімге сәйкес осы қатысушы қабылдаған барлық құқықтар мен міндеттерді өзіне қабылдауға тиісті.

2. Осы Келісімді ұзарту туралы, ал Жақтардың осы Келісім шеңберінде жасасқан

құқықтары және міндеттемелері оның күшінде болатын мерзімі аяқталғаннан кейін
сақталатындығымен келісті.

3. Әріптестік және Ынтымақтастық туралы келісімнің 17-бабында Еуропа Көмір және Болат бірлестігі жасаған Шарт қамтыйтын бұйымдарға сілтеме көрсетілген Шарттың күшінде болатын мерзімі өткен бойда, 3-қосымшаға енгізілген бұйымдарға жүгіну мақсатымен оқылады.

1 2 - б а п

1. Осы Келісім оның қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Егер осы Баптың 3-тармағының ережелеріне сәйкес бұзылмаса, ол 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылуға тиісті.

2. 2-Жақтың кез-келгені, кез-келген уақытта осы Келісімге 2-Жақтардың әрқайсысының сауалы бойынша консультацияларда талқылаудың өзегі болатын өзгерістер енгізуді ұсынады.

3. 2-Жақтың кез-келгені бұл туралы ең кемі алты ай бұрын хабарланған жағдайда ғана осы келісімді бұзуы мүмкін. Егер 2-Жақтар өзге уағдаластыққа қол жеткізбесе, бұл жағдайда, Келісім хабар мерзімі өтісімен аяқталуға тиісті, ал Қоғамдастықтың 2-қосымшада осы Келісімге белгілеген сандық шектеулері бұзу күніне қатарлас кемітілуге тиісті.

4. Егер, Қазақстан осы Келісімнің күшінде болатын мерзімі өткенге дейін ДСҰ-на қосылса, ережелер ДСҰ ережелеріне сәйкес болуын қамтамасыз ету мақсатымен, осы Келісім оның күшіне ену мерзіміне дейін қайта қаралатын болады. Сонымен қатар, 1-қосымшадағы көрсетілген болат бұйымдарына қатысты Қоғамдастық пен Қазақстан қабылдаған жаңа көп Жақты міндеттемелер туындаған жағдайда Келісімнің күші де қайта қаралатын болады.

5. Егер 2-Жақтың осының алдындағы баптарда көзделген консультациялар кезінде өзара тиімді шешімге келе алмағандығын немесе Жақтардың бірі осы Келісімді бұзғанда, осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген, Қазақстан өнімдерінің экспортына қатысты дербес квоталар жүйесінің қайта енгізілуін қоса алғанда, Қоғамдастық кез-келген уақытта барлық, қажетті шаралар

қолдану құқығын сақтайды.

6. Қосымша мен А Хаттамасы осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

13-бап

Осы Келісім қазақ, орыс, дат, голланд, ағылшын, фин, француз, неміс, грек, итальян, португал, испан және швед тілдерінде жасалды, осы мәтіндердің бәрінің күші бірдей.

Қол қойылды
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін
Еуропа Қоғамдастығы Комиссиясы үшін

1-ҚОСЫМША

ҚАЗАҚСТАН

SA Қаңылтыр прокат	SA 3 Басқа қаңылтыр
SA 1 Орамдар	прокат
7208 10 00	
7208 25 00	7209 18 99
7208 26 00	7209 25 00
7208 27 00	7209 26 10
7208 36 00	7209 26 90
7208 37 90	7209 27 10
7208 38 90	7209 27 90
7208 39 90	7209 28 10
	7209 28 90
7211 14 10	7209 90 10
7211 19 20	
	7210 11 10
7219 11 00	7210 12 11
7219 12 10	7210 12 19
7219 12 90	7210 20 10
7219 13 10	7210 30 10
7219 13 90	7210 41 10
7219 14 10	7210 49 10
7219 14 90	7210 50 10
	7210 61 10
7225 20 20	7210 69 10
7225 30 00	7210 70 31
	7210 70 39
SA 1a Қайталама	7210 90 31
прокаттау үшін	7210 90 33
арналған орамдар	7210 90 38
7208 37 10	
7208 38 10	7211 14 90
7208 39 10	7211 19 90
	7211 23 10
SA 2 Қалың қаңылтырлы	7211 23 51
болат	7211 29 20

7208 40 10	7211 90 11
7208 51 10	
7208 51 30	7212 10 10
7208 51 50	7212 10 91
7208 51 91	7212 20 11
7208 51 99	7212 30 11
7208 52 10	7212 40 10
7208 52 91	7212 40 91
7208 52 99	7212 50 31
7208 53 10	7212 50 51
	7212 60 11
7211 13 00	7212 60 91
SA 3 Басқа қаңылтыр	7219 21 10
прокат	7219 21 90
7208 40 90	7219 22 10
7208 53 90	7219 22 90
7208 54 10	7219 23 00
7208 54 90	7219 24 00
7208 90 10	7219 31 00
	7219 32 10
7209 15 00	7219 32 90
7209 16 10	7219 33 10
7209 16 90	7219 33 90
7209 17 10	7219 34 10
7209 17 90	7219 34 90
7209 18 10	7219 35 10
7209 18 91	7219 35 90

7225 40 80

2-ҚОСЫМША

САНДЫҚ ШЕКТЕУЛЕР

(тонна)

Бұйымдар	2002	2003	2004
SA Қаңылтыр прокат			
SA 1. Орамдар	50 000	50 000	50 000
SA 1a Қайталама	5 000	5 000	5 000
прокаттауға арналған орамдар			
SA 2. Қалың қаңылтырлы болат	0	0	0

SA 3. Басқа 53 000 55 700 58 500

қаңылтыр прокат

3-ҚОСЫМША

11-БАПТА СІЛТЕМЕ ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР

72011011	72082500	72102010	72149190	72192300	72254080
72011019	72082600	72103010	72149910	72192400	72255000
72011030	72082700	72104110	72149931	72193100	72259110
72011090	72083600	72104910	72149939	72193210	72259210
72015010	72083710	72105010	72149950	72193290	72259910
72015090	72083790	72106110	72149961	72193310	72261110
72021120	72083810	72106910	72149969	72193390	72261910
72021180	72083890	72107031	72149980	72193410	72261930
72029911	72083910	72107039	72149990	72193490	72262020
72031000	72083990	72109031	72159010	72193510	72269110
72039000	72084010	72109033	72161000	72193590	72269190
72041000	72084090	72109038	72162100	72199010	72269210
72042110	72085110	72111300	72162200	72201100	72269320
72042190	72085130	72111410	72163111	72201200	72269420
72042900	72085150	72111490	72163119	72202010	72269920
72043000	72085191	72111920	72163191	72209011	72271000
72044110	72085199	72111990	72163199	72209031	72272000
72044191	72085210	72112310	72163211	72210010	72279010
72044199	72085291	72112351	72163219	72210090	72279050
72044910	72085299	72112920	72163291	72221111	72279095
72044930	72085310	72119011	72163299	72221119	72281010
72044991	72085390	72121010	72163310	72221121	72281030
72044999	72085410	72121091	72163390	72221129	72282011
72045010	72085490	72122011	72164010	72221191	72282019
72045090	72089010	72123011	72164090	72221199	72283020
72061000	72091500	72124010	72165010	72221910	72283041
72069000	72091610	72124091	72165091	72221990	72283049
72071111	72091690	72125031	72165099	72223010	72283061
72071114	72091710	72125051	72169910	72224010	72283069
72071116	72091790	72126011	72189111	72224030	72283070
72071210	72091810	72126091	72189119	72241000	72283089
72071911	72091891	72131000	72189911	72249001	72286010
72071914	72091899	72132000	72189920	72249005	72287010
72071916	72092500	72139110	72191100	72249008	72287031
72071931	72092610	72139120	72191210	72249015	72288010

72072011	72092690	72139141	72191290	72249031	72288090
72072015	72092710	72139149	72191310	72249039	73011000
72072017	72092790	72139170	72191390	72251100	73021031
72072032	72092810	72139190	72191410	72251910	73021039
72072051	72092890	72139910	72191490	72251990	73021090
72072055	72099010	72139990	72192110	72252020	73022000
72072057	72101110	72142000	72192190	72253000	73024010
72072071	72101211	72143000	72192210	72254020	73029010
72081000	72101219	72149110	72192290	72254050	

Келісілген хаттама

2-Жақ _____ қол қойылған, Қазақстан мен ЕКББ арасында болаттан жасалынатын белгілі бұйымдар саудасы жөніндегі Келісімнің түп мәтінінде:

- 2-Жақ экспортқа лицензияларға және импортқа рұқсаттарға қатысты осы Келісімнің 4-бабында (1) көзделген ақпарат алысылуын орындау үшін тұтастай, Қоғамдастықтың және оған мүше-мемлекеттерге жүгінуі бойынша осындай ақпарат б е р е д і ;

- осы Келісімнің 5-бабында (2) көзделген консультациялардың қанағаттанарлық нәтижесіне қол жеткізілуін күтуде, егер, бұл туралы Қоғамдастық өтінетін болса, Қазақстан дәстүрлі саудада күтпеген және нұқсан келтіретін өзгерістер нәтижесінде туындаған проблемалар мейлінше тереңдете түсетін экспортқа лицензиялар беруді тоқтату жолымен

ынтымақтасатындығымен; және

- Қазақстан, олардың жеткізіп беріп тұрудағы дәстүрлі қажеттері, аймақтық концентрацияны болдырмау үшін де Қоғамдастықтағы шағын аймақтық рыноктардың құбылмалы райын назарға алатындығымен келіседі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Еуропа Қоғамдастығы Комиссиясы үшін

А ХАТТАМАСЫ

I ТАРАУ

ЖІКТЕУ

1-бап

1. Қауымдастықтың құзыретті органдары осы Келісіммен қамтылған бұйымдарға қатысты Қауымдастықтың оларды күшіне енгізген күнге дейін Құрастырылған Номенклатурадағы кез-келген өзгерістер туралы Қазақстанды

хабардар етуге міндеттенеді.

2. Қауымдастықтың құзыретті органдары осы Келісіммен қамтылған бұйымдарды жіктеуге қатысты кез-келген шешімдері туралы олардың қабылдану күнінен бір ай ішінде Қазақстанның құзыретті органдарын хабардар етуге міндеттенеді.

Мұндай сипаттау:

- а) осындай бұйымдардың сипатынан;
- б) ҚН-ының тиісті кодтарынан;
- с) осындай шешімді туындатқан себептерден тұрады.

3. Жіктеу туралы шешім Келісіммен қамтылған кез-келген бұйымның жіктеу практикасын өзгертуге әкеп соқтырса, Қауымдастықтың құзыретті органдары Келісім хабарлаған күннен бастап шешім күшіне енген күнге дейін 30 күн бұрын хабарлама ұсынады. Шешім күшіне енген күнге дейін жіберілген бұйымдар сұрақ астындағы тауарларды Қауымдастыққа импорттау үшін осы күннен бастан 60 күн ішінде ұсыну шартымен жіктеудің бастапқы іс-тәжірибесіне жатуды жалғастырады.

4. Қауымдастықтың Келісіммен шешілген кез-келген бұйымды жіктеу іс-тәжірибесін өзгертуді туындатқан шешімі сандық шектеулерге түсетін санатқа қатысты болса, тараптар Келісімнің 7-бабындағы (1) міндеттемелерді орындау мақсатымен, Келісімнің 9-бабында (3) жазылған тәртіпке сәйкес консультациялар өткізуге келіседі.

5. Қазақстанның және Қауымдастықтың құзыретті органдарының

Келісімімен қамтылған Қоғамдастыққа кіргізу кезінде бұйымдарды жіктеу мәселелері бойынша пікірлерінде енгізген уақытта алшақтық болса, жіктеу осындай бұйымдарды соңғы жіктеу туралы келісімге қол жеткізу мақсатымен 9-бапқа сәйкес консультациялар өткізгенге дейін Қауымдастық ұсынған индикаторларға негізделуге тиіс.

II ТАРАУ

ТЕГІ

2-бап

1. Қазақстанда өндірілген бұйымдар Қауымдастыққа экспорттау туралы Қауымдастықтың қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес, Келісіммен көзделген уағдаластықтарға сәйкес осы Хаттамаға қоса берілген нысанның шығу қазақстандық шығу сертификаты болады.

2. Шығу сертификатын қазақстанның заңдары бойынша мұндай бұйымдар Қазақстанда шығарылған деп саналуы мүмкін екенін осы мақсаттарға уәкілеттендірілген қазақстандық ұйымдар растайды.

3 - б а п

Шығу сертификаты экспорттаушы жазбаша түрде орындаған өтініш бойынша ғана немесе экспорттаушының немесе оның уәкілетті өкілінің жауапкершілігімен шығарылады. Қазақстанның заңдары бойынша осы мақсаттар үшін уәкілеттендірілген қазақстандық ұйымдар сертификаттың тиісті түрде рәсімделуін қамтамасыз етеді және осы мақсат үшін кез-келген құжаттамалық

дәлелді талап етеді немесе өздері қажет деп санаған кез-келген тексеруді жүзеге асырады.

4-бап

Бұйымдардың импорты кезінде тиісті нәрселерді орындау үшін шығу сертификатында жасалған өтініштер мен кеден органдарына табыс етілген құжаттардағы шамалы айырмашылықтарды айқындау сертификаттағы өтініштер осыған байланысты күмән туғызбауы тиіс.

III ТАРАУ

САНДЫҚ ШЕКТЕУЛЕРГЕ ЖАТАТЫН БҰЙЫМДАРҒА АРНАЛҒАН ЕКІ ҰДАЙ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

I Бөлім

Экспорттау

5-бап

Қазақстанның тиісті мемлекеттік органдары осы Келісімнің 2-ші қосымшасында көрсетілген сандық шектеулердің шеңберінде Келісіммен қамтылған болаттан жасалған барлық бұйымдар партиясын экспорттауға арналған лицензия береді.

6 - б а п

1. Экспортқа арналған лицензия осы хаттамаға тіркелген нысанға сәйкес келуге және Қауымдастықтың кеден одағына экспорттау үшін жарамды болуға тиіс.

2. Экспортқа арналған әр лицензия осындай бұйымдардың саны осы

Келісімге 2-қосымшада осындай бұйым үшін белгіленген тиісті сандық шектеулердің есебі есепке жатқызғанын растауға тиіс.

7-бап

Қауымдастықтың құзыретті органдары экспортқа арналған бұрын берілген лицензияның жойылғаны немесе өзгергені туралы дереу хабардар етілуге тиіс.

8-бап

1. Экспорт 1 жылға белгіленген сандық шектеулердің есебіне жатқызылады, онда егер экспортқа лицензия осындай жөнелтуден кейін берілсе де, бұйымды жөнелту жүзеге асырылды.

2. Осы баптың бірінші тармақшасын қолдану мақсаты үшін тауарды жөнелту оны экспорттық көлікке тиелген сәттен бастап жүзеге асырылды деп есептеледі.

9-бап

11-ші бапты қолдану үшін экспортқа лицензия лицензияда көрсетілген тауарлар жөнелтілген келесі жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей беріледі.

II Бөлім

Импорттау

10-бап

1. Қазақстаннан шыққан болаттан жасалған бұйымдар шешімге сәйкес (Ресми журнал + см. рус.) берілген импортқа арналған қолданыстағы лицензияға сәйкес, осы келісім күшіне енген күнге дейін Қоғамдастыққа жөнелтілген 2002 жылғы 1 қаңтардан 2002 жылдың 31 желтоқсанға дейін қолданылу шеңберінде жіберіледі.

2. Қоғамдастық елдерінде сандық шектеулерге ұшыраған болаттан жасалған бұйымдарға еркін айналымда рұқсат ету импортқа санкция берілу жағдайында жү р г і з і л е т і н б о л а д ы .

11 - б а п

1. Қауымдастықтың құзыретті органдары 8-бапта көрсетілген импортқа импорттаушы экспортқа лицензияның сәйкес түп нұсқасын берген күннен бастан 10 күн ішінде береді. Құзыретті органдардың тізімі осы Қосымшадағы Хаттамада к ө р с е т і л г е н .

2. Импортқа рұқсат Қауымдастықтың кеден аумағына импорт үшін оны берген күннен бастап 4 ай бойы күшінде болады.

3. Қауымдастықтың құзыретті органдары импортқа берілген рұқсатты экспортқа сәйкес лицензияны жойған кезден бастап қайтып алады. Алайда егер Қауымдастықтың

құзыретті органдары экспортқа лицензияның жойылғандығы немесе қолданудан алып тастауы туралы бұйымның Қауымдастықта еркін айналымнан кейін ғана хабарласа сәйкес сандар бұйымға қатысты белгіленген шектеулер есебінде жазылады.

1 2 - б а п

Егер Қауымдастықтың құзыретті органдары Қазақстанның құзыретті

органдары экспортқа берген лицензияда көрсетілген жалпы санның 2-Қосымшада көрсетілген бұйымдар үшін белгіленген сандық шектеуден асып кеткендігін айқындаса, Қауымдастықтың құзыретті органдары сандық шектеулерге жататын мұндай бұйымдарға қатысты импортқа одан әрі рұқсат беруді тоқтата тұрады. Мұндай жағдайда Қауымдастықтың құзыретті органдары Қазақстанның органдарына бірден хабарлайды және Келісімнің 9-бабына (2) сәйкес кешіктірмей консультациялар өткізеді.

IV ТАРАУ

ЭКСПОРТҚА ЛИЦЕНЗИЯЛАР МЕН ШЫҒУ ТЕГІ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ НЫСАНЫ ЖӘНЕ БЕРІЛУІ ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСТЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ЭКСПОРТТЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

13-бап

1. Экспортқа лицензиялар мен шығу тегі сертификаттары ағылшын тілінде жасалады. Бұл қосымша көшірмесінде түзетіліп берілуі мүмкін. Егер олар қолдан жасалса, мәліметтер сиямен және баспа әріптерімен жазылады.

Құжаттың көлемі 210x297 мм болу керек. Пайдаланған қағаз ақ түсті, бүлінбеген және 25 г/кв.м. кем тартпауы керек. Егер құжаттар бірнеше данадан болса, түп нұсқа болып саналатын тек бірінші дана, арнайы бланкіде басылу керек. Олардың түп нұсқасында анық "түп нұсқа", ал көшірмелерінде "көшірме" деген жазуы болуы керек. Келісімнің ережелеріне сәйкес экспорттың мақсаттары үшін жарамдысы ретінде Қауымдастықтың құзыретті

органдары тек түп нұсканы ғана алады.

2. Әрбір құжаттың басылғанына немесе басылмағанына қарамастан анық стандартты сериялық нөмірі болу керек, және осы нөмірге қарап танылады.

Бұл нөмірлер өздеріне мына элементтерді қосады:

- экспорттаушы елді бейнелейтін яғни KZ = Қазақстан деген екі әріп;
- кедендік тазалау жөніндегі Мемлекет - Қауымдастық мүшесіне

сәйкестігін білдіретін екі әріп, яғни:

BE = Бельгия

DK = Дания

DE = Германия

EL = Греция

ES = Испания

FR = Франция

IE = Ирландия

IT = Италия

LU = Люксембург

NL = Нидерланды

AT = Австрия

PT = Португалия

FI = Финляндия

SE = Швеция

GB = Великобритания;

- жылдың соңғы санына сәйкес келетін, жылды анықтаушы бір топты сан, мысалы 2002 жыл үшін "2";

- экспорттайтын елдің белгі беруші органын анықтаушы 01-ден 99 дейінгі екі таңбалы нөмір;

- кедендік тазалау жөніндегі Мемлекетке - Қауымдастық Мүшесіне берілген бірте-бірте өсетін 00001-ден 99999 бес таңбалы нөмір.

14-бап

Экспортқа лицензия мен шығу тегі сертификаты оларға тиісті тауарлар жіберілгеннен кейін берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда оларда "өткенге қатысты берілді" ("issued retrospectively") деген жазу болу керек.

1 5 - б а п

1. Экспортқа лицензия немесе шығу тегі сертификаты ұрланған, жоғалған немесе жойылған жағдайда экспорттаушы лицензия беруге өкілеттендірілген Қазақстанның мемлекеттік органдарына немесе Қазақстанның заңдарына сәйкес шығу тегі сертификатын беруге өкілеттендірілген Қазақстан ұйымдарына сәйкесінше экспорттаушыда бар экспортқа арналған құжаттар негізінде екінші

нұсканы беру үшін өтініш жасай алады. Осындай жолмен берілген сертификаттың немесе лицензияның екінші нұсқасында "екінші нұсқа"

2. Екінші нұсқада экспортқа алғашқы лицензияның немесе шығу тегі алғашқы сертификатының берілген күні көрсетілуі керек.

16-бап

17-бап

1 8 - б а п

1 9 - б а П

2. Мұндай жағдайларда Қауымдастықтың құзыретті органдары егер қабылдайтындай болса, осындай тексеруді ақтайтын себептерді көрсете отырып, шығу тегі сертификатын немесе экспортқа арналған лицензияны немесе оның көшірмесін Қазақстанның сәйкес органдарына қайтарады. Есеп-фактура жіберілген жағдайда, осындай есеп-фактура немесе оның көшірмесі сертификатқа немесе лицензияға немесе оның көшірмесіне қоса жіберіледі. Құзыретті органдар сол сияқты жоғарыда аталған сертификаттағы немесе лицензиядағы мәліметтердің анық еместігін дәлелдейтін кез

келген алынған ақпаратты беруге тиіс.

3. Осы Баптың 1-тармағының Ережесі сол сияқты осы Хаттаманың 2-бабында көзделген шығу тегі сертификаттарын келесі тексерулерге қолданылады.

4. 1-ші және 2-ші одан жоғары тармақтарға сәйкес жүргізілген келесі тексерулердің нәтижелерін Қауымдастықтың құзыретті органдары тексеруден соң үш айдан кешіктірмей жібереді. Мұндай ақпаратта күмәнді сертификат, лицензия немесе мәлімдеме шын мәнінде экспортталған тауарға қатыста қолданылды ма, немесе Келісімде белгіленген уағдаластыққа орай сондай тауарлар экспортқа жіберілді ме солар көрсетілулері тиіс. Ақпаратта сол сияқты Қауымдастықтың талабы бойынша шындықты, атап айтқанда, тауардың анық шығу тегін толық ашу үшін қажетті бар құжаттардың көшірмелері болуға тиіс.

Егер осындай тексерулер шығу тегі сертификаттарын қолдануда ұдайы ереже бұзылуын ашатын болса, Қауымдастық күмәнді бұйымдар импортын осы Хаттаманың 2-бабының (1) ережесіне жатқыза алады.

5. Шығу тегі сертификаттарын келесі тексеру мақсатында сертификаттардың, экспортқа қатысты кез келген құжаттардың көшірмелері осы Келісімнің біткен күнінен бастап бір жылдан кем емес уақытта Қазақстанның сәйкес құзыретті органдарында сақталады.

6. Осы бапта көзделген кез келген уақытта тексеру тәртібі тауарлардың еркін айналысына бөгет етпеуі тиіс.

2 0 - б а п

1. 19-бапта көрсетілген тексеру рәсімі, немесе Қазақстанның немесе Қауымдастықтың құзыретті органдарында бар ақпарат Келісімнің ережелерін бұзатындығын көрсететін болса немесе көрсетсе, екі Жак мұндай ереже бұзылудың алдын алу үшін тығыз ынтымақтастықта болады.

2. Осы мақсатпен Қазақстанның сәйкес органдары өз бастамасы бойынша немесе Қауымдастықтың талап етуі бойынша ереже заң бұзуы болып табылатын операцияларға қатыста немесе Қауымдастықтың пікірінше осы Хаттама бұзылды дегенде сәйкесінше тергеулерді жүргізеді немесе ұйымдастырады. Қазақстан Қоғамдастық тексеру нәтижелерін, ереже сақтамау және бұзушылықты, тауардың шығу тегінің себебін анықтайтын кез-келген лайықты ақпарат жібереді.

3. 2-Жақтың келісімі бойынша Қауымдастық тағайындаған лауазымды тұлғалар осы Баптың 2-тармағында ескерілген тергеулер кезінде қатыса алады.

4. Осы Баптың 1-тармағында ескерілген ынтымақтастыққа сәйкес Қазақстан мен Қауымдастықтың құзыретті органдары Келісім ережелерін сақтамау және ереже бұзушылықты болдырмау үшін Жақтардың қайсысы болсын қажет деп санайтын кез келген ақпараттармен алмасады. Мұндай алмасу, атап айтқанда, егер күмәнді тауарлар

олар Қауымдастыққа импортталғанға дейін Қазақстанның аумағы арқылы тасылуы мүмкін деп санауға Қауымдастықтың негізделген себептері болса, Қазақстан мен үшінші елдер арасындағы осы Келісімде ескерілген бұйым түрлерімен сауда туралы ақпаратты қоса алады. Бұл ақпарат Қауымдастықтың талап етуі бойынша қолда бар болса, барлық

сәйкес құжаттардың көшірмелерін қоса алады.

5. Егер жеткілікті айғақтар осы Хаттаманың ережелерінің сақталмаған немесе бұзылғандығын куәлендіретін болса, Қазақстанның немесе Қауымдастықтың құзыретті органдары мұндай ереже сақталмағанын немесе бұзушылықтың алдын алу үшін кез келген қажетті шараларды қолдануға келісе алады.

Экспортқа лицензия

(көшірме)

РҚАО-ның ескертуі. Лицензия мәтіні ағылшын тілінде.

(қағаз мәтіннен қараңыз)

Сертификат тегі

(оригинал)

РҚАО-ның ескертуі. Сертификат мәтіні ағылшын тілінде.

(қағаз мәтіннен қараңыз)

Ұлттық құзыретті органдардың тізімі

РҚАО-ның ескертуі. Мәтіні ағылшын тілінде.

(қағаз мәтіннен қараңыз)

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б

